АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ

2024 ж. 15 ақпан

Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 1/82

город Алматы

Алматы қаласы Медеу ауданындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға ақша қаражатын бөлу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Азаматтық қорғау туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларына сәйкес және Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 17 қазандағы №4/545 «Алматы қаласы Медеу ауданындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға ақша қаражатын бөлу туралы» қаулысы негізінде, төтенше жағдайды жою, материалдық шығындарды азайту, Алматы қаласы Медеу ауданының халқын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Қаржы басқармасы «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға жергілікті атқарушы органның резервінен Алматы қаласы Медеу ауданындағы Керей-Жәнібек хандар көшесінің бойындағы «Мохнатка» және «Горельник» тауларының баурайындағы авариялық – қалпына келтіру жұмыстарына жалпы сомасы 1 384 247 620 (бір миллиард үш жүз сексен төрт миллион екі жүз қырық жеті мың алты жүз жиырма) теңге ақша қаражатын бөлсін.

2. Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты қаражаттың мақсатты жұмсалуын және оның пайдаланылуы туралы есепті Алматы қаласы Қаржы басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Е. Досаев**

Allegato 1/2

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ

15 февраля 2024 г.

Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 1/82

город Алматы

О выделении денежных средств на ликвидацию чрезвычайной ситуации природного характера в Медеуском районе города Алматы

В соответствии с законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О гражданской защите», «О государственных закупках», Правилами использования резервов Правительства Республики Казахстан и местных исполнительных органов, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 апреля 2015 года №325, и на основании постановления акимата города Алматы от 17 октября 2023 года №4/545 «О выделении денежных средств на ликвидацию чрезвычайной ситуации природного характера в Медеуском районе города Алматы», в целях ликвидации чрезвычайной ситуации, снижения материальных потерь, обеспечения защиты населения Медеуского района города Алматы, акимат города Алматы **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Управлению финансов города Алматы выделить денежные средства коммунальному государственному учреждению «Аппарат акима Медеуского района города Алматы» из резерва местного исполнительного органа на ликвидацию чрезвычайной ситуации природного характера в общей сумме 1 384 247 620 (один миллиард триста восемьдесят четыре миллиона двести сорок семь тысяч шестьсот двадцать) тенге для аварийно-восстановительных работ на склонах гор «Мохнатка» и «Горельник» вдоль улицы Керей-Жанибек хандар в Медеуском районе города Алматы.

2. Аппарату акима Медеуского района города Алматы обеспечить целевое использование средств и предоставление отчета об их использовании в Управление финансов города Алматы.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Алматы.

Аким города Алматы **Е. Досаев**